

### Список литературы:

- 1 Ражабов Н. Ўзбек шевашунослиги. “Ўқитувчи”. Тошкент – 1996. 295 с.
- 2 Алишер Навоий. Мукамал асарлар тўплами. Йигирма жилдлик. Иккинчи жилд. “Наводирун-нихоя”, “Фан” нашриёти. Тошкент – 1987. 622 с.
- 3 Алишер Навоий. Кўрсатилган асар. Ўн биринчи жилд. Хамса “Садди Искандарий”, Тошкент – 1993. 726 с.
- 4 В.В.Решетов, Ш.Шоабдурахимов. Ўзбек диалектологияси. “Ўқитувчи”. Тошкент – 1978. 225 с.
- 5 Алишер Навоий. Указанное произведение. Бешинчи жилд, Хазойинул-маоний. “Бадоеъул-васат”, Тошкент – 1990. 528 с.
- 6 М.Кошғарий. Туркий сўзлар девони (“Девони луғатут турк”). Уч жилдлик. 1- жилд. Тошкент, 1960. 498 с.
- 7 Алишер Навоий. Указанное произведение. Саккизинчи жилд. “Фарход ва Ширин”. Тошкент – 1991. 595 с.
- 8 Алишер Навоий. Указанное произведение. Ўн олтинчи жилд. “Тарихи анбиё ва ҳукамо”, Тошкент – 2000. 329 с.
- 9 Жамолхонов Х. Ҳозирги ўзбек адабий тили. Тошкент – 2005. 350 с.
- 10 Алишер Навоий. Указанное произведение. Олтинчи жилд. “Фавойидул-кибар”, Тошкент – 1990. 555 с.
- 11 Алишер Навоий. Указанное произведение. Еттинчи жилд. “Хайратул-аброр”, Тошкент – 1991. 422 с.
- 12 Алишер Навоий. Указанное произведение. Биринчи жилд. “Бадойиъул-бидоя”, 1987. 689 с.
- 13 Алишер Навоий. Указанное произведение. Тўққизинчи жилд. “Лайли ва Мажнун”, Тошкент – 1992. 377 с.
- 14 Абдуллаев Ф.А. Ўзбек тилининг Хоразм шевалари. I луғат, II Хоразм шеваларининг таснифи. Тошкент, 1961. 280 с.
- 15 Алишер Навоий. Указанное произведение. Ўн еттинчи жилд. “Насойимул-муҳаббат”, Тошкент – 2001. 534 с.
- 16 Алишер Навоий. Указанное произведение. Ўн тўртинчи жилд. “Муншаот”, Тошкент – 1998. 315 с.
- 17 А.Мадвалиев тахрири остида. Ўзбек тилининг изоҳли луғати. Беш жилдлик. Биринчи жилд, Тошкент – 2006. 680 с.

УДК 81'366

Дүйсебекова Ж.<sup>1</sup>

<sup>1</sup> МА, оқытушы, Сулейман Демирель атындағы университет, Алматы, Қазақстан

e-mail: [zhainagul.duisebekova@sdu.edu.kz](mailto:zhainagul.duisebekova@sdu.edu.kz)

### ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК АНТРОПОНЕГІЗДЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ

**Abstract.** In the article said about comparative anthroponyms of Kazakh and Turkish languages from ancient Turkic period and made chronological sequence of the two nations.

**Keywords:** anthroponyms, the basis anthroponyms, chronological classification

Тілдің кез келген бірлігі сияқты антропонимдер де негізгі мағыналық бөліктер мен компоненттерден құралады. Антропонимдердің мағыналық бөліктерін сөз еткенде антропонегіз ұғымы алға шығады. Антропонегіз – кісі есімінің мағыналық бөлігі, демек ол құрылымдық жүйесі жағынан зерттеулерді талап етеді. Ол – кісі есімдерінің мағыналық бөлігі әрі тарихи негізі болғандықтан, бұл мәселеге тарихи тұрғыдан келудің де маңызы зор.

«Негіз – бір нәрсенің түп-төркіні» [1, 616 б.]. Яғни, түпкі бөлік – түбір, негіз – жұрнақ арқылы жасалған туынды тұлға да негіз бола алады. Шығу тегі бойынша алғанда түбір сөзінің мағынасында нақтылық, жалқылық, ал негіз сөзінде жалпылық мағына бар. Антропонимжасамдық бірліктер дайын тұлғалардан жасалады және оның құрамында түбір тұлғалар да, туынды тұлғалар да болуы мүмкін. Антропоним ретінде қолданылатын, дербес мағынаға ие бүтін тұлға түбір күйінде жүреді. Мәселен, қазір түбір күйінде қолданылып жүрген кісі есімдерінің көпшілігінің этимологиялық түбірлері бар. Бірақ олар антропонимнің түбірі бола алмайды. Негіз ұғымының жалпылауыштық қасиетіне байланысты антропонимге қатысты дәл осы ұғымды алған орынды. Антропонимжасамдық негіздердің өзі ішінде мағыналық негіз және жасанды негіз болып топтасады. Мағыналық негіз екі сипатымен ерекшеленеді: тұлғалық негіз және мағыналық немесе тарихи-танымдық негіз. Антропонимдерді тұлғалық қырынан қарастырғанда, антропонегізбен антропокомпонент түсінігі қатар қолданылады. Бірақ екеуі бір ұғым емес. Антропокомпонент – антропонимнің бір бөлігі, яғни күрделі тұлғалы есімнің сыңары. Ал антропонегіз – қысқарған немесе дербесмағыналы сөзден жасалған туынды тұлғалы есімнің басты бөлігі. Бір сөзбен айтқанда, антропонимжасамдық тұлға жеке тұрғанда антропонегіз, ал күрделі есімнің құрамында келсе антропокомпонент болады. Әрбір антропокомпонент тілде өзіндік сипатымен, өзіне тән антропонимжасамдық мағынасымен өмір сүреді [2, 129-131 бб.].

Кез келген бастауы болғаны сияқты антропонимдердің пайда болып, жасалу тарихы бар. Кісі есімдері адамзат дамуының қай кезеңінде қолданыла бастады деген сұрақ көп ғалымдардың ізденістерінің арқауына айналды. Гомердің өзі он мың жыл бұрын жазылған еңбегінде: «Адамдар арасында есімсіз ешкім болмайды» деген өлең жолдарын қалдырып кеткен [3, 12 б.]. Ал зерттеуші Ивашко болса: «Алғашқы адамзат есімдерінің қандай болғандығын анықтау мүмкін емес. Алайда алғашқы есімдер жекелеген ерекшеліктерді білдіретін, еркін дыбыстардың кешені түрінде пайда болуы мүмкін, яғни адамдар айнала қоршаған ортадағы нысандарды атай бастаған уақыттан бері есімдер де пайда бола бастаған» [4, 26 б.] деген өз пікірін ұсынады. Кейбір зерттеушілер адамға ат қою дәстүрінің сонау рулық қоғамнан бастау алғандығын айтады [5, 22 б.]. Қалай болғанда да антропонимдер қоғамдық сананың өзгеруіне байланысты түрлі сұрыптаулардан өтіп, бірі көнеріп, қолданыстан шығып отырса, енді бір жаңа есімдер түрлі жолдармен антропонимдік қорды жаңартып отырды. Көне дәуір ескерткіштеріндегі антропонимдердің мағынасынан, қоғамдық қызметінен адамдарды бір-бірінен ажыратып тану және жалаң түрде емес, арнайы есімдермен атау, яғни есімі арқылы адам болмысын сипаттау көрініс береді. Яғни, антропонимдер – адамзат мәдениетінің бір маңызды бөлігі, мәдени сананың сұрыптаулы нәтижесі. Кісі есімдері қатынас құралы ретіндегі тілдік элементтердің негізінде пайда болды және адамзат мәдениетінің дамуына үлкен үлес қосып, адамдардың эстетикалық талғамымен бірге үнемі жаңа биіктерге көтерілуде. Бір сөзбен айтқанда, антропонегіздердің тарихи қалыптасу жолдары қоғам дамуымен тығыз

байланыста қатар жүреді, яғни тілдік қолданыста тұлғалық негіз болып, тарихи негіз ретінде де құндылыққа айналды [2, 134-135 бб.].

Қазақ және түрік антропонимдерінің қалыптасу және даму тарихы өзара туыстас тілдер болғандықтан өте ұқсас әрі етене байланысты. Екі тілдің антропонимдерінің тарихын қарастыруда зерттеушілер Т.Жанұзақов, З.Ахметжанова мен У.Мұсабекованың және Ж.Челиктің еңбектеріне сүйендік.

*Бірінші кезең* көне түркілік дәуірде (V-X ғғ.) пайда болған антропонимдерді қамтиды және түбіміз бір түркі халықтары болғандықтан бұл кезең екі тілге де ортақ. Олар V-VIII ғасырлардағы орхон-енисей жазбаларында және V-X ғасырларда жазылған басқа да жазба ескерткіштерде сақталған. Көне ескерткіштердегі ономастика мәселелерін Т.Жанұзақов, Н.Я.Бичурин, Г.Е.Грумм-Гржимайло, В.В.Бартольд, А.Н.Бернштам, Л.Н.Гумилев, Х.Кошай, Ж.Челик, М.З.Далбай, Г.Демирай, М.Өзгю, Х.Тахсин өз еңбектерінде қарастырған.

Орхон-Енисей жазба ескерткіштеріндегі кісі аттары лексика-семантикалық топталуынан ғана емес, грамматикалық тұрғыдан да қазіргі түркі тілдерінің антропонимдеріне ұқсас болып келеді.

1-кесте – Көне түркі ескерткіштеріндегі есімдер мен олардың қазіргі қазақ және түрік тілдеріндегі көрінісі

<b>Көне түркілік жазба ескерткіштерінің тілінде</b>	<b>Қазіргі қазақ тілінде</b>	<b>Қазіргі түрік тілінде</b>
Айдынлық	Айдын, Айдынбай, Айдынбек, Айдынғали	Aydın, Aydınay, Aydınbay
Ақбаш	Ақбас	Akbaş
Алп, Алпар	Алпар, Алпарбек, Алпер	Alpala, Alpaltun, Alpargun
Аққұл	Аққұл	Akkul
Алтун	Алтын, Алтынай, Алтынбай, Алтынбек	Altun, Altunay, Altunalp
Анар	Анар, Анаргүл, Анаржан	Anar, Anarbay, Anarken
Апа Тархан	Дархан, Дарханбай	Tarhan
Арслан	Арыстан, Арыстанбай	Arslan, Arslanalp, Arslanay
Ачим	Әшім	
Багадур	Баһадүр	Bahadır, Bahaturhan
Барс бег	Барысбек	Barsbek, Barsay, Barsdoğan
Бек	Бек, Бекжан, Бектай	Bekağul, Bekdoğmuş, Bekem, Bekeç
Боке-хан	Бөке	Böke, Böken, Bökenvul
Дулу-хан	Дулат	
Еркин	Еркін	Erkin, Erkinay, Erkinbek
Жангар	Жәңгір, Жангер, Жангір	Yangir
Иль-хан	Елхан	İlhan, İlhanım
Кабай	Қабай, Қабайқұл	Kabay
Кара хан	Қарахан	Karahan
Кулун-бек	Құлынбай, Құлыншақ, Құлынбет	Kulun, Kulunkara

Т.Жанұзақовтың классификациясы бойынша бірінші кезең Х ғасырға дейін жалғасып, «Диуани лұғат ат-турк» сияқты ескі жазбалардағы антропонимдер екінші кезеңге жатады. Бірақ қазақ және түрік тілдерінің антропонимдерінің ұқсастықтарына қарай З.Ахметжанова мен У.Мұсабекованың топтастыруындай оларды бірінші кезеңге жатқызғанды дұрыс деп санадық.

Түркілік антропонимдердің біразы «Құтадғу білік» және «Қорқыт ата» кітаптарында да қамтылған. Ал есімдерді талдау барысында олардың қойылу уәжділігі сол ғасырлардың өзінде болғандығын көреміз. Солардың бастыларына тоқталсақ:

1) жан-жануарлар мен құстарды дәріптеу негіз болған уәжділік. Аң-құстың атауларына байланысты кісі есімдері олардың бойындағы қасиеттерге қарай қойылған, мәселен, батырлық, ұлылық, қайсарлық. Жоғарыда аталған үш еңбектің негізінде мынадай мысалдарды келтіруге болады: *Ajgir Tegin, Tonga Han, Tonga Alp Er, Tonga Tegin, Bogra Qar Han, Bekes Arslan Tegin, Arslan Han, м.б.*

2) аспан денелерінің атауларына байланысты пайда болған уәжділік: *Aj, Aj-Toldy, Kun-Toldy, м.б.*

3) шыққан тегіне байланысты ат қою уәжділігі: *Dervend, Kanly, Kapçak (Kırçak), Kazylyk, Kaj, Kumuk, Tekes, м.б.*

4) бір әулетке тиістілікті немесе туыстық байланысты көрсететін уәжділік: *Arşun Oğlu Direk Tekür, Aruz Oğlu Basat, Begil Oğlu Ermen, Düzen Oğlu Alp Rüstem, Eylik Koca Oğlu Alp Eren, Ulaş Oğlu Salu Kazan, Kam Böri Oğlu Bamus Börik, м.б.*

5) тілек мәндес уәжділік: *Bektur* (ұзақ ғұмыр, бақыт, сәттілік тілеу), *Qatmys, Balus* (көмекші болсын деген ниетпен), т.б.

6) біреудің құрметіне қойылған есімдер, бұл топқа діннің қанат жаюымен таралған аттарды да қосамыз: *Osman Affan Oğlu, Adem, Hüseyin, Hızır, Nemrud, Musa Kelim, Karun, Hasan, м.б.*

Жоғарыда келтірілген мысалдардан түркі халықтарының ерте кезден-ақ ат қою мәселесіне ерекше мән беріп, олардың эстетикалық қырына да үлкен көңіл бөлгендігін көреміз.

*Екінші кезең* қазақ және түрік тілдері үшін ХІ ғасырдан басталады. Дәл осы кезде түркі тайпалары (оғыз – селжүк) қазіргі Түркияның территориясына қоныстана бастады. ХІ ғасыр тек түріктер үшін емес, бүкіл түркі тайпаларына үлкен өзгерістер алып келді. Қазақ кісі есімдерінің екінші кезеңі ХVІІ ғасырға дейін созылса, түрік халқы үшін ХVІ ғасырға дейінгі аралықты, яғни Осман империясының ыдырай бастағанға дейін жалғасады. Қазақ антропонимдерінің үлгісін осы кезеңде таралған ауыз әдебиетіне жататын «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр», «Айман – Шолпан», т.б. эпикалық шығармалардан көреміз.

1) көне түркілік кезеңде тек жоғары таптың өкілдеріне қойылған –*хан, -бек, -бай* қосымшаларымен аяқталған есімдер енді қоғамның басқа да тап адамдарына қойыла бастады. Мысалы, *Бәкімбай, Бөкенбай, Еңсебай, Сыбанбай, Байбөрі, Төребай, Balabay, Baltabek, Barmanbek, Dorubay, м.б.* Түрік тілінде жоғарыда келтірілген қосымшалардың бір нұсқасы ретінде – *бей* қосымшасы пайда болып, белсенді қолданысқа түсті: *Dorubey, Elçibey, Erbey, Güçbey.*

Қазақ, түрік антропонимдеріне жаңа сұлтан компоненті белсенді қолданысқа түсті. Ол хан, төрелердің аттарына тіркеліп айтылды. Ал хан әйелдеріне *ханым, бегім* компоненті

қосылып айтылды. Олар тіпті түрік есімдерінің құрамына еніп кетті: *Gunabegüm, Guzbegüm, Gümüshatun, Hanbegüm, İnançbegüm*.

1) түс атауларынан пайда болған есімдер көбейе бастады. Қазақ халқында *ақ, қара* компонентті есімдер таралса, түріктерде басқа да түстердің қатысуымен жасалған антропонимдер көбейді: *Ақбатыр, Ақбозан, Ақжүніс, Ақсауыт, Ақтолғай, Аққалар, Акбуға, Akbulak, Akbulut, Akbike, Konuraka, Konuralp, Konurbay, Kızılalp, Kızılarlan, Kızılata, Kızılayak, Göksay, Göksoy, Sarıbağış, Sarıbaş, т.б.* Қара компоненті күштілікті, даралықты, жалғыздықты білдіретін ауыспалы мағынада қолданылды: *Қарақожа, Қарақосан, Қараарыстан, Қаракөз, Қарақас, Қарашаш, Қаракерей, Қарақосай, Karauz, Karaürek, Karayel, Karayengi, Karayır, Karayurt, Karayan, Karayargı, т.б.*

2) көне түркілік кезеңде жабайы жыртқыш аң-құстардың атаулары есімдерге арқау болса, енді халықтың бейбітшілікті аңсау сезімінен бейбіт жануарлар мен құстардың атаулары антропонимге айнала бастады: *Ақтамақ, Қарақозы, Қаратай, Қаракөжек, Қарлығаш, т.б.*

3) құлдық сана бірте-бірте өше бастауына байланысты қымбат мата мен асыл тастардың атаулары жоғарғы тап өкілдерінің аттарына да айналды: *Жібек, Алтын, Мақпал, Манат, Торқа, Берен, Жамбы, Altun, Gümüш, Zümрüt, т.б.*

4) аспан денелерінің атауларын кісі есімдері етіп қою бұрынғыдай белсенді қолданылды: *Ай, Шолпан, Жұлдыз, Ау, Yıldız, Çolpan.*

5) діннің қанат жаюымен араб есімдерінің екі тілдің де антропонимдік қорына молынан енді. *-абд, -әбді, -әбу, -әзиз, -дин* сияқты араб элементтері есімдерге тіркеліп жасалатын болды: *Әбдібек, Абдолла, Әбутәліп, Әбуғазы, Әзізжан, Әбдірахмет, Әбдірақым, Abdulkadri, Ebulhasen, Ebulhayr, Ebulmuslim, Abuzer, Ebulleys.*

Бұл кезеңде өзге халықтарда сияқты (мәселен, орыс) қазақ және түрік антропонимдік қорларының көбеюіне әсер ететін қарсы факторлар болған жоқ. Соның есесіне араб, парсы есімдері көптеп еніп, төл есімдердің қатары едәуір молайды.

*Үшінші кезең* қазақ антропонимдері үшін XVIII-XIX ғасырларды қамтыса, түрік халқы үшін XVII-XIX ғасырлар аралығын құрайды.

1) қазақ кісі есімдерінің қатарынан *-хан, -бай, -бек, -сұлтан* компоненттері азайса, Осман империясының ыдырауына байланысты бұл компоненттер түрік есімдерінде де қысқарды. Орнына *-жан* компонентімен келетін есімдер көбейді: *Бекежан, Қаражан, Асылжан, Карасан, т.б.*

2) жан-жануарлар мен түс атауларына байланысты қойылған есімдер әлі де белсенді қолданыста болды: *Көккөз, Қарабай, Кенжеқара, Қарабатыр, сартай, қошқар, Қарабура, балапан, Кіікбай, Торайғыр, Ақтайлақ, Қарабура, Erenkara, Караçау, Караşık, Akaltan, Akkar, Akkaş, Akdamar, Gökberk, Ergök, Göktunç, т.б.*

3) сан есімдердің есебінен жасалған кісі есімдері тарала бастады: *Алтысбай, Тоқсанбай, Сегізбай, Жетпісбай, Altmışkara, Sekizyir, Dokuzalp, Dokuzata, Dokuzbay, Üçoğul, Üçoğuz, т.б.* Түріктерде онға дейінгі сандардан көп кісі есімдері жасалса, қазақ халқында ондық сандардан пайда болған кісі есімдері мол екенін байқаймыз.

4) антропонимдік қор күрделі сөздік тәсілмен жасалған есімдермен толықты: *Жанұзақ, Қарабатыр, Ізбасар, Жұмакерім, Жансерік, Tarımer, Sayıntımur, Savankul, Sarkız, т.б.*

*Төртінші кезең*, Т.Жанұзақовтың классификациясы бойынша, кеңес дәуірін қамтиды. Яғни, 1917-18 жылдар мен 1983-86 жылдар аралығы. Қазақ антропонимикасында төмендегідей өзгерістер орын алды:

1) орыс тілінен енген есімдердің үлкен толқыны болды. Антропонимдік қорымыз *Владимир, Валентина, Владлен, Светлана, Зоя, Раиса, Вера, Варвара, Галина, Зинаида, Клара* сияқты жаңа есімдермен толықты. Бейресми ортада да төл есімдерімиз дыбыстық жағынан ұқсас орыс есімдерінің баламасымен айтыла бастады: *Төлеген – Толя, Зейнеп – Зина, Бақыт – Валя, Рәбиға – Рая, т.б.*

2) саяси-идеологиялық, патриоттық есімдер көбейді, олар сөздердің қысқаруы арқылы жасалды, мысалы: *Арлен* (Армия Ленина), *Дамир* (Да здравствует мир!), *Заким* (За Коммунистический Интернационал молодежи), *Вилмұр* (В.И.Ленин+мұрат), *Донара* (Дочь народа), *Ленара* (Ленинская армия), *Эльмира* (Электртрификация мира), т.б. Жаңа пайда болған идеологиялық ұғым-түсініктер кісі есімдеріне де өз әсерін тигізіп, мынадай есімдер шықты: *Кеңес, Съезд, Колхозбек, Солдатбек, Сайлау, Армия, Докторхан, т.б.*

3) жоғары адамгершілік және азаматтық қасиеттерді көрсететін бір құрамды есімдердің қатары көбейді: *Бейбіт, Талап, Жеңіс, Сәуле, Азат, Жеңіс, Азамат, Қайрат, Қуат, Қанат, Бақыт, т.б.*

4) негізінде туылу уәжділігі жатқан есімдер саны артты: *Сейсенбек, Сенбі, Дүйсенбек, Жұмагүл, Жексенбек, Бейсенбай, Сәрсенбек, т.б.*

5) әйел есімдеріне тән антропокомпоненттермен жасалған аттар көбейді: *Айгүл, Ажаргүл, Күнсұлу, Айзада, Бибігүл, Жансұлу, Жидегүл, Нұргүл, Гүлбала.* *Бесінші кезең* қазақ антропонимдері үшін 1986 жылдан бастап тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі күнге дейінгі аралығын қамтыса, түрік тіл білімінде де 1983 жылдан бастап қазірге дейінгі уақыт аралығы кіреді. Бұл кезеңде ұлттық құндылықтарға сай есім қою уәжділігі артты, қазақ антропонимдеріне орыс тілінен енген есімдердің саны кеміді.

1) тілек мәнді есімдер көбейді: *Фалым, Серік, Берік, Асқар, Азамат, Alim, Saugı, Saylık, Şüyün, т.б.*

2) бір құрамды есімдер көп қойыла бастады: *Бақыт, Қуаныш, Әділ, Фабит, Сәуле, Жібек, Дәурен, Асыл, Ulan, Ular, Üruk, Yağmur.*

3) әйел есімдерінде гүл, көз компоненттері бар антропонимдер көбейді: *Гүлжан, Гүлнар, Гүлзада, Тазагүл, Майгүл, Анаргүл, Нұргүл, Ботакөз, Abgül, Bestegül, Cihangül, Destegül, Pembegül, Şengül, Tazegül, Handegül.*

4) қазақ есімдерінен ру, шыққан тегіне байланысты аттар шықты: *Адай, Найман, Керей, Қытшақ, Арғын, т.б.*

5) ірі тұлғалар мен әдеби кейіпкерлердің есімдерін қою көбейді: *Абай, Тоғжан, Ұлпан, Қаламқас, Нұрсұлтан, Абылай, Zeuner, Süleyman, Murad, Perizad.*

6) Ислам дініне байланысты есімдер, әсіресе түрік антропонимдік қорында қайта жанданып, одан әрі мол болды.

Жоғарыда келтірілген қазақ және түрік тілдерінің антропонимдерінің қалыптасу мен даму тарихына қысқаша шолу жасағанда мынадай ерекшеліктер мен ұқсастықтарды атап көрсетуге болады:

1. Антропонимдердің даму сатысының бірінші кезеңінде қазақ тілінің де, түрік тілінің де ат қоюдағы уәжділігі ұқсас: жануар атауларына, аспан денелерінің атауларына байланысты есімдер, адамның сыртқы ерекшелігіне байланысты қойылған есімдер, туылу жеріне, жағдайына қарай берілген есімдер;

2. Екі тілдің де антропонимдік қорына ислам дінінің, әсіресе түрік тіліне әсері көп болды;

3. Екі құрамды күрделі есімдер ерте кездері жоғары тап өкілдеріне

қойылған болса, 1917 жылдардан бастап қоғамдық тап өкілдерінің барлығына берілді;

4. Түрік тілінің антропонимдік қоры тек араб, парсы есімдерінің ықпалына ұшыраса, қазақ кісі есімдері қоры барынша ашық болды, оған араб, парсы, иран, орыс тілінің де әсерлері болды;

5. Екі тілде де отантропонимикалық уәжділік орын алған, яғни есімнің апеллятивті мағынасы емес, сол есімді иеленген әйгілі адамның құрметіне немесе дәл сондай тұлға болсын деген тілек негіз болды. Мысалы, *Олжас (Олжас Сүлейменов), Нұрсұлтан (Нұрсұлтан Назарбаев), Süleyman (Süleyman sultan), Murad (Murad sultan)*.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

- 1 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
- 2 Әбдуәлиұлы Б. Қазақ антропонимжасамы: теориялық және практикалық негіздері. – Астана: «Астана полиграфия», 2012. – 320 бет.
- 3 Никонов В.А. Ищем имя. – М.: Совр. Россия, 1998. – 128 с.
- 4 Система личных имен у народов мира. – М.: Наука, 1989. – 383 с.
- 5 Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 1971. – 218 б.

УДК 82:81-26

**Дүйсенбаева Г.**

*Абай атындағы ҚазҰПУ 6D011700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының докторанты [sweet505@mail.ru](mailto:sweet505@mail.ru)*

#### **ТІЛДІК ТҮЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ШЕШЕНДІК ӨНЕР**

**Abstract.** Abu Nasir al-Farabi thought highly of science: "The happiness of man, the improvement of society associated with the formation, it all depends on the humanistic ideals of the intellectual part, her skills." Thus, the knowledge - the power, affecting the socio-economic, political, moral, cultural and ethical development of Kazakhstan, education - the basis of entry of our country into the ranks of developed countries, because in front of universities are put requirements on training highly qualified specialists who are able to creatively translate nominated modern society needs. The transition to a multi-stage continuous education will contribute to the solution of problems, in particular, preparation of the student-philologist. For these purposes, the article deals with the formation of the language person and in the demand of speech.

**Key words:** Language personality, culture of speech, rhetoric, indexes of language personality

Тұлғаның шешендік қабілеті туралы зерттеулер антикалық дәуірден-ақ күн тәртібіне өткір қойылып, арада қанша жыл өтсе де, өз құндылығын жоймай келеді. Өйткені шешендік адамға тиесілі барлық мүмкіндіктерді жетілдірудің өзегі саналады. Ол туралды В.Фельтре, Ф.Рапле, Я.А.Коменский, Д.Локк, Г.В.Лейбниц, Ж.Ж.Руссо, отандық ғылымда Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов секілді ғалымдар баланың жан-жақты дамуындағы шебер сөйлеудің мәнін анықтап, оның адамның ойлауына, сезіміне, еркіне, мінезіне, санасына, құлқына өзіндік әсерін тигізетінін, сондықтан оны оқу